

Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 3. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 27.11.2015 № 7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Азаматтарға тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғау және оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу мәселелерін реттейтін заңнаманы сот практикасында дұрыс әрі бірыңғай қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қаулы етеді:

1. Азаматтарға тумысынан немесе заң бойынша тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғаудың және азаматтарға келтірілген моральдық зиянды толық өтеудің конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудың тиімді тәсілі болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

2. Азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтарын қорғаудың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша - Азаматтық кодекс) 9 және 141-баптары мен басқа да заңдарға сәйкес соттардың мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарын қорғау:

мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтар бұзылғанға дейін қолданылған ережені қалпына келтіру, оның ішінде мемлекеттік органдардың заңнамаға сәйкес келмейтін актілерін қолдануға жатпайды деп тану;

мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың бұзылуының салдарын жою; моральдық зиянға ақша нысанында өтем жасау жолымен жүргізіледі.

Мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды сот жоғарыда көрсетілген тәсілдерді жинақтай отырып, сондай-ақ олардың әрқайсысын бөлек қолдана отырып қорғайды.

Мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғаудың Азаматтық кодекспен көзделген тәсілдерін соттар осындай құқықтарды қорғау еңбек туралы, неке және отбасы туралы, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы және өзге де заңнамалық актілермен арнайы тиянақталмаған жағдайларда да қолдануы мүмкін.

3. Бұзылуы, айырылуы немесе кемітілуі азаматқа моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын мүліктік емес өзіндік құқықтар деп азаматқа тумысынан немесе

заңға сәйкес тиесілі және оның жеке басымен тікелей байланысты құқықтар мен игіліктерді түсіну қажет. Адамға тумысынан тиесілі игіліктерге өмір сүру, денсаулықты, ар-намысты, бостандықты, жеке басына қол сұқпаушылықты, ал құқықтарға - тұрғын үйіне немесе меншігіне қол сұқпаушылық құқығын, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясын, телефон, телеграф хабарларының құпиясы мен хат алысу құпиясы құқығын; атын пайдалану құқығын; өз бейнесіне құқығын; интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне құқығын қорғау туралы заңнамаға сәйкес авторлық құқықты және мүліктік емес өзіндік құқықтарды; емін-еркін жүріп-тұру және тұратын жерін таңдау, нанымды ақпарат алу құқығын және республиканың заңнамалық актілерімен көзделген басқа да құқықтарды жатқызуға болады.

Моральдық зиян деп азаматтың құқық бұзушылық, оған тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың кемітілуінен немесе олардан айырудан туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

Азаматтың жан азабы деп адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа және т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер тікелей жәбірленушінің өзіне немесе оның жақын туыстарының (ата-анасының, жұбайының, баласының, бауырының, апа-сіңлісінің) өмірі мен денсаулығына құқыққа қайшы қол сұғуға; бас бостандығынан заңсыз айыруға немесе шектеуге не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айыруға; денсаулығына зиян келуінің нәтижесінде, оның ішінде бет әлпетіне адам танымастай болып жарақат пен сызаттың түсуінің салдарынан алғашқы бейнесінен айырылуына байланысты белсенді еңбек ету және қоғамдық қызметті жалғастыру мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуға; отбасылық, жеке және дәрігерлік құпияның ашылуына; хат-хабар алмасу, телефон мен телеграф ақпараты құпиясының бұзылуына; азаматтың қадір-қасиеті мен ар-намысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратуға; өз атына, өз бейнесіне құқықтарының бұзылуына; авторлық және аралас құқықтарының бұзылуына және т.б. байланысты болуы мүмкін. Тән азабы деп құқыққа қайшы күш қолдануға немесе денсаулығына зақым келтірілуіне байланысты сезінетін тәнінің ауыруын түсіну қажет. Z960006_

4. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 187-бабының

1) тармақшасына сәйкес моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға талап қою мерзімі қолданылмайды. Бұл ретте соттар "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңға сәйкес азаматтардың мүліктік емес өзіндік құқықтарын қорғауды көздейтін заң актілерінің, егер заң актілерімен өзгеше тәртіп көзделмесе, олар қолданысқа енгізілгеннен кейін пайда болатын құқықтық қатынастарға қолданылатынына назар аударулары қажет.

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Ерекше бөлім) қолданысқа енгізу туралы" Заңның 8-тармағымен Азаматтық кодекстің 922 және 923-баптарымен көзделген жағдайларда келтірілген мүліктік емес зиян, егер ол 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін, бірақ әрі кеткенде 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін келтірілсе және өтелмей қалса, өтеуге жататыны көрсетілген.

Жәбірленушінің осындай зиянды өтеу құқығын көздейтін заң актісі қолданысқа енгізілгенге дейін келтірілген мүліктік емес зиянды өтеу туралы талап қанағаттандыруға жатпайды. Мұндай зиян заң актісі қолданысқа енгізілгеннен кейін азамат жан немесе тән азабын тартқан жағдайларда да қанағаттандыруға жатпайды.

Егер жәбірленушіге мүліктік емес зиян келтірген құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік) заң актісі қолданысқа енгізілгенге дейін басталса және заң актісі қолданысқа енгізілгеннен кейін де жалғасса, онда моральдық зиян заң актісі қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған құқыққа қарсы әрекетпен (әрекетсіздікпен) келтірілген бөлігінде ғана өтеуге жатады.

5. Азаматтық кодекстің 917-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды оны құқыққа қайшы (қасақана немесе абайсыздықтан) жасаған әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші тарапынан оның заң актілерінің нормаларының тікелей талабына сәйкес ол іске асыруға міндетті (мысалы, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары ол таратқан шындыққа сай келмейтін мәліметтерге түзету жариялауға ; Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 44-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші орган моральдық зиянның салдарын жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс) немесе жәбірленушінің талабы бойынша сот шешімімен белгіленген ақша нысанында моральдық зиянға өтем жасау сияқты әрекеттерін түсіну қажет.

6. Азаматтық кодекстің 952-бабына сәйкес моральдық зиянға тек ақша нысанында өтем жасалатындықтан, ал өтемнің мөлшерін сот анықтайтындықтан өтем мөлшерін анықтау кезінде соттар әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге алуы қажет.

Мүліктік зиянға ақшалай нысанда өтем жасау мөлшері, егер оның мөлшерін анықтау кезінде сот азаматтың мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтаса және сот анықтаған өтем мөлшері талапкер мәлімдеген талаптардың тиісті мөлшерде қанағаттандырылуы туралы негізді тұжырым жасауға мүмкіндік берсе, ол әділ әрі жеткілікті мөлшерде жасалды деп есептеу қажет.

Бірінші сатыдағы сот өндірген мүліктік емес зиянға жасалатын өтемнің мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған заң талаптары мен принциптерге

сәйкес келмейтін болса, апелляциялық және қадағалау тәртібі бойынша қайта қаралуы мүмкін.

7. Моральдық зиян үшін жасалатын өтемнің мөлшерін белгілеу кезінде соттар субъективті баға ретінде жәбірленушіге келтірілген жан азабы мен тән азабының ауырлығын, сондай-ақ осыларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың (өмірі, денсаулығы, жеке бас бостандығы, жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын;

жәбірленушінің басынан кешкен жан немесе тән азабының ауырлығын (бас еркінен айырылу, дене жарақатын түсіру, жақын туыстарынан айырылу, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе шектелуі және т.б.);

моральдық зиянды өтеу үшін қажет болған кезде зиян келтірушінің кінәсінің нысанын (қасақана ниетпен, абайсыздық) назарға алулары қажет.

Сот моральдық зиянның ақшалай нысандағы өтемінің мөлшерін анықтау кезінде іс материалдарымен негізделген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауапкершілік көтеретін азаматтың отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

8. "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Заңның 22-бабымен саяси қуғын-сүргін құрбандарына келтірілген зиянды өтеудің ерекшеліктері көзделгеніне соттардың назары аударылсын. Осы ерекшелік саяси себептер бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға мүліктік және мүліктік емес зиянның 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бас еркінен айыру орындарында болған әрбір айы үшін ақталушының әлеуметтік қорғау органдарына жүгінген күндегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрттен үшіндей мөлшерінде өтеуге жататынын білдіреді. Алайда мүліктік және мүліктік емес зиян өтемінің жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет. <*>

Моральдық зиянға ақша нысанында өтем жасау жәбірленушінің жеке басымен ажырамас байланыста болғандықтан осы өтем, өтем есептелген (сот өндірген), бірақ ақталған адам қайтыс болуы себепті алынбаған жағдайлардан басқа кезде, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұрагерлеріне берілмейді.

Соттар "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңның 26-бабындағы осы Заңның 18-24-баптарының күшінің Заң күшіне енгенге дейін ақталған жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына қолданылатыны туралы нұсқауын Заң қабылданғаннан кейін ақталған адамдардың құқықтарын шектеместен 18-24-баптардың қолданылуына кері күш береді деп түсіну қажет. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Сотының 2003.03.20. N 3

қаулысымен .

9. Соттардың назары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 922-бабының 1-тармағына, 923-бабының 1 және 2-тармақтарына, 951-бабының 3-тармағына сәйкес:

мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілер шығаруының;

заңсыз соттаудың;

заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартудың;

бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алудың, үй тұтқыны етіп ұстаудың, ешқайда кетпеу туралы қолхат алудың;

тұтқынға алу түрінде әкімшілік жазасын заңсыз қолданудың;

психиатриялық немесе басқа емдеу мекемелеріне заңсыз орналастырудың;

заңнамалық актілермен көзделген өзге жағдайлардың (мысалы, "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау туралы" Заңның 14-бабымен әскери қызметшілер дене жарақатын алғанда, лауазымынан немесе әскери атағынан заңсыз төмендетілгенде, келісім-шарт шарттарын сақтамау жағдайларының) нәтижесінде ақша нысанында азаматқа келтірілген моральдық зиян оны келтірушінің кінәсіне қарамастан мемлекеттік қазынаның (республикалық немесе жергілікті бюджеттің қаражатының) есебінен өтеледі.

10. Мемлекеттік қазынаның есебінен (республикалық немесе жергілікті бюджет) ақша түрінде моральдық зиянға өтем жасау туралы талаптар бойынша жауапкерлер мемлекет болып табылатындықтан, осы санат бойынша қаралатын істерді соттар мемлекеттік қазына өкілінің тұрған жері бойынша анықтауы керек.

Мемлекеттік қазынаның өкілі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі не мемлекеттік қазынаның мүдделерін білдіру жөнінде арнайы өкілеттікті иеленген өзге де мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар бола алады.

Соттар мемлекеттік қазынаның өкілін, сондай-ақ тиісті бюджет бағдарламасының әкімшісін анықтауға және оларды жәбірленушілердің ақша нысанындағы моральдық зиянды мемлекет қазынасының есебінен өтеу туралы талаптары бойынша істерді қарауға қатыстыруға тиіс.

11. Жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян үшін өтем өндіру туралы азаматтардың талаптарын қараған кезде соттар, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің қасақана ниетінің салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде

оның ырқынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзі иесінің моральдық зиян үшін ақша нысанында өтем жасауға тиіс екенін назарда ұстаулары қажет.

Соттардың, жәбірленушінің жоғары қауіптілік көзімен қауіпсіз жұмыс істеу ережесін біле тұра қасақана бұзуын (иттер мен басқа да үй жануарларын айтақтау; зоопарктерде және олар қамауда ұсталатын басқа да жерлерде жабайы жануарларды айтақтау; өрт қаупі бар, жарылғыш, ионданушы және адам денсаулығына қауіпті басқа да нәрселер мен заттарды пайдалану тәртібін бұзу) дәлелдейтін, оның жәбірленушіге моральдық зиян келтіруіне жәрдемдесетін әрекеттерін жәбірленушінің қасақана ниеті деп түсінгені жөн.

Жоғары қауіптілік көзінің құқыққа сай иеліктен шығып кетуі деп, жоғары қауіптілік көзі иесінің үшінші адамның кәдуілгі жағдайларда жоғары қауіптілік көзін оның еркінен тыс пайдаланып кетуін болдырмайтын тиісті әрі жеткілікті шараларды қабылдауын түсіну қажет.

Жоғары қауіптілік көзін иеленген адамдар құқыққа қайшы әрекеттерімен жәбірленушіге мүліктік зиян келтірген жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттерді осындай зиянды келтірген адамдар тікелей өздері көтереді. Егер жоғары қауіптілік көзі оның иесінің кінәсі болған кезде де құқыққа сай иеліктен шықса, онда мүліктік зиян үшін жауапкершілік үлес тәртібімен зиян келтірушінің тікелей өзіне, сондай-ақ жоғары қауіптілік көзінің иесіне жүктеледі.

12. "Сақтандыру қызметі туралы" Заңмен және автокөлік құралдары иелерінің немесе тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілермен сақтандырушының жәбірленушіге келтірілген зиян үшін жауапкершілігі сақтандырылмайтынына соттардың назары аударылсын. Сақтандыру ұйымдарына (сақтандырушыларға, қайта сақтандырушыларға) сақтандыру оқиғасының туындауына байланысты үшінші адамға моральдық зиянды өтеу жүктелмейді. Сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндет автокөлік құралының иесіне немесе тасымалдаушыға жүктелуге тиіс. P961319_

Егер ерікті сақтандыру шартында сақтанушының мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын сақтандыру көзделсе, онда сақтандыру төлемдері ерікті сақтандыру шартының ережелеріне сәйкес жүргізілуге тиіс.

13. Соттарға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 951-бабының 4-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың мүліктік құқықтарының бұзылуы моральдық зиянға ақшалай нысанда өтем жасау мүмкіндігін теріске шығаратынын, атап айтқанда: мүлікті иеленуге, пайдалануға және басқаруға байланысты құқықтарды ; құқықтық қатынастарға қатысушылар арасында пайда болатын мүліктік талаптарды (мүліктік немесе міндеттемелік құқықтар, оның ішінде азаматтың

өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге, міндеттемелердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты және т.б.), сондай-ақ авторлардың өздері тудырған шығарма немесе ашқан өнертабысы үшін сыйақы алу құқығын; мұрагерлік құқықтарды түсіну қажет екенін түсіндіру қажет.

Егер істі қарау кезінде сот азаматтардың мүліктік құқықтарының бұзылуы оның жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуымен қатар орын алғанын анықтаса, онда мүліктік зиянды өтеу туралы талапты қанағаттандырумен қатар мүліктік емес зиянды өтеу туралы талап та қанағаттандыруға жатады (тұрғын үйге қол сұқпаушылықты бұза отырып, жәбірленушінің үйін заңсыз иелену; тұтынушының сапалы тауарға құқығын бұзу; тауардың фирмалық атауына құқықты бұзу; артықшылықпен сатып алу құқығын бұзу және т.с.с.).

Азаматтық Кодекстің 352-бабының қағидаларына орай, егер міндеттемені тиісті түрде орындамау несиегердің мүліктік құқықтарының бұзылуымен байланысты болмаса, Азаматтық Кодекстің 272-288-баптарында көрсетілген міндеттемелерді орындамау мүліктік емес зиянды өтеу үшін негіз бола алады. Борышкердің мүліктік құқықтарын қозғайтын міндеттемелердің тиісінше орындалмауы (мысалы, займ шарты бойынша алған ақшаны қайтарудан жалтару; сатып алу-сату шарты бойынша сатып алынған заттың құнын төлеу немесе мәміле затын беру бөлігінде міндеттемелерді орындамау және т.б.) Азаматтық Кодекстің 951-бабының 4-тармағына сәйкес моральдық зиян ақша нысанында өтелуге жатпайды.

14. Бірнеше заңды немесе жеке тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен жәбірленушіге келтірілген мүліктік емес зиян Азаматтық кодекстің 287-бабының 1-4-тармағы мен 932-бабына сәйкес осындай зиянды келтірген адамдардың ортақтасып немесе үлес бойынша толық көлемде өтеуіне жатады.

15. Жәбірленушіге жас балалар немесе кәмелетке толмағандар не заңмен белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі не әрекетке қабілетті, бірақ денсаулығына байланысты өз әрекетінің мәнін түсінуге және оларды басқаруға қабілеті жоқ азаматтар мүліктік емес зиян келтірген жағдайда соттар оларды өтеуді Азаматтық кодекстің 925-930-баптарында белгіленген ережелер бойынша жүргізеді.

16. Моральдық зиянды өтеу туралы талаптар азаматтың жеке басымен тығыз байланысты болғандықтан, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің тұтынушылардың белгісіз шеңберін келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы арыздарын соттар Азаматтық іс жүргізу кодексінің 150 және 155-баптарына сәйкес қозғалыссыз қалдырулары қажет.

17. Азаматтық кодекспен көзделген жағдайларда ғана мүліктік емес өзіндік құқықтардың осы құқықтарды бұзған адамдардың кінәсіне қарамастан сот қорғауына жататынына соттардың назары аударылсын. Қалған жағдайларда моральдық зиянды өтеу зиянды келтірушінің кінәсі анықталған жағдайларда жүргізіледі.

Талапкер талап арызында оның нақтылы мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуын растайтын дәлелдемелерді және осы құқықтарды қорғау тәсілдерін көрсетуге міндетті. Мүліктік емес зиян үшін ақшалай өтем жасау туралы талабын білдірген жағдайда талапкер, оның пікірінше, оған келтірілген мүліктік емес зиянның өтелуін қамтамасыз ететін өтем сомасын көрсетуі қажет.

Азаматтардың қылмыстық процесті жүргізуші органдар келтірген моральдық зиянға ақша нысанында өтем жасау туралы талаптары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатады.

18. Азаматтардың "Мемлекеттік баж туралы" Заңға сәйкес моральдық зиянды өтеу туралы талаптары мүліктік емес сипаттағы талаптар сияқты, арыз берілген күнде тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 проценті мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге жатады.

Талапкер бір талап арызында мүліктік сипаттағы және моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды қойған жағдайда, олар мәлімдеген әрбір талап үшін, егер талапкер "Мемлекеттік баж туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік бажды төлеуден босатылмаған болса, олардың әрқайсысы бөлек-бөлек мемлекеттік баж төлеуге жатады.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 110-бабына сәйкес сот талапкердің арыз берген кезде арыз берілген күнде тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 проценті мөлшерінде төлеген мемлекеттік бажын жауапкерден талапкер пайдасына өндіруге, ал егер арыз берген кезде талапкер мемлекеттік бажды төлеуден босатылған болса, аталған баж сомасын сот шешімі бойынша талапкердің пайдасына өндірілген моральдық зиянның ақшалай өтемінің мөлшеріне қарамастан, жауапкерден жергілікті бюджет кірісіне өндіруге міндетті.

19. Моральдық зиянды өтеу туралы әрбір іс бойынша шешімнің Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 221-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес:

жәбірленушіге моральдық зиян келтірген құқық бұзушылықтың сипатын мұқият сипаттауды;

жәбірленушінің құқық бұзушы бұзған мүліктік емес өзіндік құқықтары мен игіліктерін көрсетуін;

жәбірленуші шеккен жан азабы, сондай-ақ заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің іскерлік беделін кемсіту туралы мәліметтер келтіруді;

мүліктік емес құқықтарды қорғау тәсілі (құқық бұзылмай тұрған кездегі жағдайды қалпына келтіру; бұзылған өзіндік мүліктік емес құқықтың салдарын жою; моральдық зиянның ақшалай өтемін өндіру), сондай-ақ, егер мүліктік емес құқықтарды қорғау мүліктік емес зиянның ақшалай өтемін өндіру арқылы жүзеге асырылса, ақшалай өтемінің мөлшерін негіздеуді;

шешім шығару кезінде басшылыққа алынған материалдық құқық нормаларын көрсетуді қамтуға тиіс екеніне соттардың назары аударылсын.

Сот шешімнің қарар қабылданатын бөлігінде жауапкершіліктің түрін (субсидиялық, үлестей, ортақ, жеке-дара), сондай-ақ ақша нысанында моральдық зиян өтемін өндіру көзін (жеке тұлғаның мүлкі немесе заңды тұлғаның банктік шотындағы ақшаның, мемлекет қазынасының есебінен) көрсетуге тиіс. Мемлекеттік қазынадан ақша нысанында моральдық зиянға өтем өндіру кезінде сот мемлекеттік қазынадан ақша нысанында моральдық зиянға өтем өндіру туралы заңды күшіне енген сот шешімінің орындалуын заңмен белгіленген тәртіппен қамтамасыз ететін тиісті бюджет бағдарламасының әкімшісін көрсетуге міндетті.

20. Осы қаулының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Соттардың моральдық залалдың орнын толтыру жөніндегі заңды қолдануы туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 10 қаулысы күшін жойды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Р е с п у б л и к а с ы